

1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 5 қыркүйек N 858

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703_ қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті:

1998 жылдың 7 қыркүйегіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес Комитеттің мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекітсін;

бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс әзірлесін және енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
5 қыркүйектегі
N 858 қаулысымен
бекітілген

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі

N	Атауы	1998 жылғы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
		нысаны	
13	Экономикалық қызметке байланысты		
	басқа да қызмет көрсетулер		
	Республикалық деңгейде әкімшілік	Ұстауға	Ұстауға
	шығыстар		
	Орталық органның аппараты		
	Аумақтық органдарының аппараты		
	Республикалық деңгейде орындалатын	Бұл да	Көрсетілген
	мемлекеттік тапсырыстар		қызметтер үшін
	Ғимараттарды күту және қызметкер-		
	лердің қызметін қамтамасыз ету		